

*Академия Ғылыми Кеңесінің
2022 жылғы 25 ақпандағы
шешімімен бекітілген,
№ 12 хаттама*

**«7M04120 – Мемлекеттік басқару» (Executive MPA)
магистратураның білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04120 – Мемлекеттік басқару» магистратураның білім беру бағдарламасы (Executive MPA) *(даярлау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»)*.

2. Оқу мерзімі: 1 жыл (модулдік оқыту)

3. Кредиттер саны (ECTS): 60

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бағдарлама үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленді және жаһандық пайымдау және стратегиялық ойлау қабілеті, көшбасшылық құзыреттері, тиімді коммуникация және шешім қабылдау дағдылары бар мемлекеттік органдар мен бизнестің жоғары буынының жоғары білікті басшыларын даярлауға бағытталған.

Бағдарлама тыңдаушыларда мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілерге арналған Бірыңғай құзыреттер шеңберінің бірінші және екінші деңгейдегі құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: тиімді мемлекеттік шешімдерді әзірлеуге және жүзеге асыруға қабілетті, басқарушылық құзыреттері бар, мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы магистрлерді даярлау.

Міндеттері:

1) өзгерістерге жедел ден қою және тиімді шешімдер қабылдау үшін басқарушылық құзыреттерді қалыптастыру;

2) мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру бойынша құзыреттерді дамыту.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

– білім беру процесінде инновациялық, аналитикалық және басқарушылық қабілеттерін дамыту;

– академиялық ұтқырлық шеңберінде оқу және шетелдік әріптес жоғары оқу орындары мен халықаралық ұйымдарда тағылымдамадан өту мүмкіндігі;

– Maxwell School of Citizenship and Public Affairs at Syracuse University әріптес жоғары оқу орны базасында 2 дипломдық білім алу мүмкіндігі;

– жекелеген пәндерді оқыту үшін шетелдік және қазақстандық жетекші сарапшыларды, мемлекеттік басқару практиктерін тарту;

– әлеуметтік нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning);

– мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту;

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) стратегиялық ойлау және пайымдау: жаһандық ойлау, стратегияны әзірлеу қабілеті;

2) көшбасшылық және қызметті басқару: көшбасшы бола білу, жұмысты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру, стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды түсіндіру, өкілеттікті дұрыс айқындау, сондай-ақ жауапкершілікті бөлу. Сонымен қатар қойылған міндеттерді сапалы және уақытылы орындау үшін ұжымға жағдай жасау және бағдарлау;

3) тиімді шешімдер қабылдау: нақты міндеттер қоя білу және стратегиялық мақсаттарға сай тапсырмалар беру, сондай-ақ жүйелі және тиімді шешімдер қабылдай алу;

4) ынтымақтастық және қызметтерді тұтынушыға бағдарлану: мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара тиімді іс-қимыл құруға қызметкерлерді бағдарлау қабілеті, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдалана

білу. Сонымен қатар қызметтер көрсетудің тиімді құралдарын білу және пайдалану;

5) жеделділік: өзгерістерге уақытылы ден қою, осы өзгерістерді талдау және жұмыста жаңа тәсілдерді пайдалану бойынша тиісті ұсыныстар енгізу үшін тиімді шаралар әзірлеу бойынша құзыреттерге ие болу;

6) парасаттылық: әдептілік нормаларын сақтау, ұжымда әдептілік нормалары мен стандарттарына бейімділік сезімін дамыту, әдептілік нормалары мен құндылықтарын практикаға ықпалдастыру;

7) жауапкершілік және бастамашылдық: құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру үшін жеке жауапкершілікті қабылдау қабілеті. Сонымен бірге қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастыру және әзірлей білу.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық контент:

Модуль	Пәндердің атауы	ECTS
1	Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық	4
	Деректерді талдау негізінде шешім қабылдау	3
	Басқарушылардың тілдік құзыреттілігі (мемлекеттік тілде)	3
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>	5
1 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		15
2	Әлеуметтік мемлекеттің қолданбалы экономикасы	4
	Мемлекеттік басқарудың құқықтық аспектілері	3
	Кәсіби коммуникациялар және жанжалдарды басқару	3
	<i>Өндірістік практика</i>	2
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>	3
2 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		15
3	Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау	3
	Мемлекеттік сектор экономикасы	3
	Өңірдің тұрақты дамуын басқару	4
	<i>Тағылымдама</i>	2
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>	3
3 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		15
4	Мемлекеттік басқарудағы қаржылық менеджмент	3
	Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)	12
4 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		15
Теориялық білім+практика бойынша барлығы		35
Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)		12
Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)+ тағылымдама		13
МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕНГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ		60